

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Үкіметаралық фельдъегерлік байланыс Үйлестіру Кеңесінің 22-мәжілісін дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 4 сәуірдегі N 76-ө Өкімі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Үкіметаралық фельдъегерлік байланыс Үйлестіру Кеңесінің 22-мәжілісін дайындауды және өткізуді қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі:

2005 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Өкілдік шығыстар" бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Үкіметаралық фельдъегерлік байланыс Үйлестіру Кеңесінің 22-мәжілісіне 21 қатысушының 2005 жылғы 24-27 мамырда Астана қаласында қонақ үйде тұруына қаражат бөлсін.

2. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне жүктелсін.

Премьер-Министр